

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Қазірде төрт құбыласы тең адамдар аз болғандықтан, көрсетілген ақпарат та адамның санасында, қиын жағдайдан шығатын жалғыз жол ретінде қабылдауы мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жүйелеу жоқ. Жауап беру саласындағы ағымдағы жағдай туралы ақпарат жоқ, балалардың өзіне-өзі қол жұмсауы, оның ішінде балалардың суицидін алдын алу шаралары көрсетілмейді. Біздің статистикадағы суицид көрсеткіштері жоғарламаса, төмендеген емес. Ешкімде өз өмірімен қош айтқысы келмейді. Адамдар өздерін сәтсіз, жалғыз, қиын қаржылық жағдайда сезінуіне байланысты шарасыз қадамға барады. Бұл материалдық игіліктер мен әлеуметтік жағдайды өз өмірінен жоғары бағалағанда болады. Әр суицидтің шығу себебі бар және одан құтылудың да шешімі табылады. Суицидке баратын адамдар көбінесе ішкі жан күйзелісін басынан кешіреді немесе қатты стресс жағдайында болады, сонымен қатар психикалық ауырулармен, көңіл күй бұзылыстарымен, әсіресе депрессиямен зардап шегеді және болашақ өмір қызықтырмайтын болып келеді. Қазіргі кезге дейін жалғасып жатқан суицидтік мәселелердің алдын аламыз деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абсаттаров Р.Б. «Саясат негіздері» 2 т.- Алматы: Қарасай, 2011 ж.
2. Суицид тақырыбы БАҚ-та қалай жазылуы керек. 2022 жылғы 24 шілде. https://www.inform.kz/kz/suicid-takyryby-bak-ta-kalay-zhazyluy-kerek_a3957537
3. Страна самоубийц. Казахстан по-прежнему в лидерах по числу суицидов среди населения. 22.09.2021. <https://mk-kz.kz/social/2021/09/22/strana-samoubiyc-kazakhstan-poprezhnemu-v-liderakh-po-chislu-suicidov-sredi-naseleniya.html>

УДК 364.044

ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ҮЛГІСІ

Белгибаева Алуа Кайратовна

alua.belgibaeva@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 1 курс «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы магистрі,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н. О. Байғабылов

Қазіргі қоғамда отбасының әлеуметтік институт ретіндегі рөлі аса елеулі болып табылады, бұл өз кезегінде отбасы төңірегінде пайда болатын мәселелерге қоғам тарапынан көмектің көрсетілуі қажеттілігін айқындайды. Отбасыларды әлеуметтік қорғау елімізде тиімді және жүйелі ұйымдастырылған әлеуметтік жұмыс арқылы жүзеге асырылады, отбасының қоғамда орын алып жатқан барлық жағымды және жағымсыз өзгерістерге өте тез әсер етуі, болып жатқан үдерістердің адамгершілік тұрғысынан, сондай-ақ оған қарсы мағынасын ашуы, отбасыны бұзатын және оны құрайтын процестерді бағалауы осының себептері болып табылады.

Отбасыны адамның әлеуметтік қызмет ету жүйесі деп қарастыра аламыз. Себебі ол оның мүшелеріне экономикалық, әлеуметтік және физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші, сонымен қатар, кәмелетке толмағандарға, қарттар мен науқастарға күтім жасаушы, балалар мен жастардың әлеуметтенуі үшін жақсы жағдайларды қамтамасыз ететін әлеуметтік институт ретінде әрекет етеді. Қазақстандағы қазіргі демографиялық дағдарыс жағдайында көпбалалы отбасылар аясындағы теориялық мәселелер де, сондай-ақ осы отбасылармен әлеуметтік жұмыстың практикалық мәселелері де ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Қазақстанда орын алған қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыс құбылыстары көптеген отбасыларға әсер еткен елеулі әлеуметтік шығындардың себебі болды. Көпбалалы отбасылар салыстырмалы түрде ең қиын жағдайға ұшыраған әлеуметтік

топтардың алды болды. Статистика мәліметтеріне сүйенсек, көпбалалы отбасыларда елдегі барлық балалардың шамамен 20% - ы тәрбиеленеді деп саналады, статистикалық деректерді талдау отбасының материалдық жағдайы ондағы өсіп келе жатқан балалардың санына байланысты деп айтуға анық негіз береді. Сондықтан көпбалалы отбасының қазіргі жағдайын да, олардың жағдайын жақсарту жолдарын да түсіну өте маңызды болып отыр.

Көпбалалы отбасы деген ұғым құрамында төрт немесе одан да көп баласы бар, сондай-ақ балаларды он сегіз жасқа дейін тәрбиелеп отырған отбасы дегенді білдіреді. Бүгінгі күні осындай отбасылар санының азаюын байқауға болады. Отбасы жөніндегі мәселелерді зерттеуші мамандардың пікірінше, көпбалалы отбасылар түрлі факторларға байланысты өткенге айналатын құбылыс болып қалыптасады. Мамандар атап өткен факторларға қоғамның өзгеруін, өмір салтын, қалалардың өсуін, күнделікті өмірдің қалыптасқан негіздерінің бұзылуын жатқызған.

Көпбалалы отбасылардың басты мәселесі көбіне материалдық тұрғыдан болатын қиындықтармен байланысты. Қазіргі уақытта әр баланың дүниеге келуімен отбасындағы кіріс мөлшері төмендейді. Көптеген зерттеулер отбасындағы балалардың саны мен отбасының әрбір мүшесіне келетін кірістер арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Жалпы алғанда бұл жағдайда отбасының кедейлену дәрежесі өседі. Алты немесе одан да көп адамнан тұратын отбасыларда әр мүшеге шаққандағы жиынтық табыс екі адамнан тұратын отбасыларға қарағанда 2,2 - 2,8 есе және үш адамнан тұратын отбасыларға қарағанда 1,8 - 2,1 есе төмен. Үшінші баланың туылуы көп жағдайда отбасындағы әл-ауқаттың төмендеуіне әкеледі деген көзқарас қалыптастырады. Заңға сәйкес, елімізде «көпбалалы ана» термині төрт және одан да көп баласы бар аналарға қолданылады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, елдегі көпбалалы отбасылар саны қаңтар айында 532,6 мыңды құраған. Көпбалалы отбасылар саны бойынша Түркістан, Алматы және Жамбыл облыстары көшбасшы болып табылады.

Балалары бар әйелдердің назарда болуы, ана мен баланы әлеуметтік қолдау кез келген мемлекеттің, оның ішінде Қазақстанның да бірінші кезектегі міндеттерінің бірі болып табылады, оның орындалуы қоғамның өмір сүру сапасына әсер етеді [1].

Қазіргі уақытта көп балалы отбасылардың мәселелерін қарастыра отырып, мемлекетіміздің халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлерін тізіп шығуға болады. Осыдан екі жыл бұрын, яғни 2020 жылы Қазақстан Республикасында көп балалы отбасылар тұрғын үй және әлеуметтік жағдайын жақсарту жөнінде талаптар қойды. Бұл бағытта келесі жұмыстар атқарылды. Төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға білім беру ұйымдарындағы күндізгі бөлімде оқитын 23 жасқа дейінгі оқушыларды ескере отырып, отбасындағы балалардың санына қарай сараланған мөлшерде жәрдемақы енгізілді (2020 жылдың қаңтарынан бастап).) (Кесте №1).

Кесте №1. Қазақстан Республикасындағы көп балалы отбасына берілетін жәрдемақының мөлшері (2020 жылғы қаңтар бойынша)

Қазақстан Республикасындағы көп балалы отбасына берілетін жәрдемақының мөлшері (2020 жылғы қаңтар бойынша)		
4 балалы отбасы	5 балалы отбасы	8 және одан көп балалы отбасы
50 975 тенге	63 727 тенге	101 760 тенге

Осылайша, Қазақстан Республикасында 2020 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша көп балалы отбасына берілетін жәрдемақының мөлшері әр балаға 12 720 теңгені

құрады. Көпбалалы отбасыларға жәрдемақы енгізілгеннен бері оны алушылардың саны екі есеге өскені, бұл оң үрдіс екені атап өтілді.

Тұрғын үй мәселелері бойынша «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы отбасылар мен аналар 01.08.2022 жағдай бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға басым құқыққа ие (ҚР қолданыстағы тұрғын үй заңнамасына сәйкес).

Өткен жыл Қазақстанда балалар жылы болып жарияланғандығы баршаға мәлім. Бұл өз кезегінде балалар мен олардың ата-аналарына түрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолдау көрсету қажеттілігін аңғартады. Елімізде балаларға түрлі бағдарламалар аясында жан-жақты көмек көрсетіледі. Осылайша, балалы отбасыларды мемлекеттік әлеуметтік қолдау жәрдемақының алты түрін қамтиды. (Кесте №2)

Кесте №2. Балалы отбасыларды мемлекеттік әлеуметтік қолдау бойынша жәрдемақы түрлері (2023 жыл мәліметі бойынша).

Балалы отбасыларды мемлекеттік әлеуметтік қолдау бойынша жәрдемақы түрлері (2023 жыл мәліметі бойынша)	
Бала тууына байланысты жәрдемақы	бірінші, екінші және үшінші балаға 38 АЕК (2022 жылы 120 840 теңге), төртінші және одан да көп балаға 63 АЕК (200 340 теңге) көлемінде тағайындалды.
Жұмыс істемейтін әйелдерге бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жәрдемақы	бірінші балаға ай сайын 5,76 АЕК (18 317 теңге), екіншісіне - 6,81 АЕК (21 656 теңге), үшінші балаға - 7,85 АЕК тағайындалады. АЕК (24 963 теңге), ал төртінші және одан жоғарыға – 8,90 АЕК (28 302 теңге).
Жұмыс істейтін әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы	орташа мөлшері 757,3 мың теңгені құрады.
Орташа айлық табысының 40%-ы мөлшерінде бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша әлеуметтік жәрдемақы	орташа сома 37 271 теңгені құрады.
«Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр ана», I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға жәрдемақы	6,4 АЕК немесе 20 352 теңге жәрдемақы төленеді.
Төрт және одан да көп баласы бар көп балалы отбасыларға жәрдемақы	төрт балаға ай сайын 16,03 АЕК (50 975 теңге), бес балаға – 20,04 АЕК (63 727 теңге), алты балалы отбасыларға – 24,05 АЕК (76 479 теңге), жеті балаға – 28,06 АЕК (89 231 теңге), ал сегіз және одан көп балаға – әр бала үшін 4 АЕК (12 720 теңге).

Сонымен қатар, атаулы әлеуметтік көмекке (АӘК) де ерекше көңіл бөлінеді, өйткені оны алушылардың арасында балалардың үлесі 64% құрайды. Бүгінгі күні АӘК алушылардың

балалары үшін 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды азық-түлік пакеттерімен және сондай-ақ тұрмыстық химикаттар жиынтығымен қамтамасыз ету, мектеп жасындағы балаларды оқу орнында тегін тамақтандыру түрінде кепілдендірілген әлеуметтік пакет енгізілген. Сонымен қатар, бұл әлеуметтік қолдаудың түрі балаларды киім-кешек және оқу құралдарымен, қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүрумен қамтамасыз етеді. [2].

Алдағы уақытта Қазақстанда балаларды қолдаудың басқа да жолдарын енгізу жоспарланып отыр. Атап айтар болсақ, 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызын балалар құқығынсыз 18 жасқа толғанға дейін арнайы жинақ шоттарына шегеруді ұсынатын «Балаларға арналған ұлттық қор» жаңа бағдарламасы іске қосылмақ.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Республикасында ана мен баланы қорғау тұжырымдамасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Балалар жылы аясында бала игілігіне арналған кешенді шараларды қамтитын 2027 жылға дейінгі балалар мүддесіне арналған Ұлттық жобаны әзірлеу мәселесі пысықталуда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оркушпаева Н. «На какую поддержку может рассчитывать женщина с ребенком в Казахстане». 1 августа 2022 г. <https://kazpravda.kz/n/na-kakuyu-podderzhku-mozhet-rasschityvat-zhenshchina-s-rebenkom-v-kazahstane/>
2. Жулмухаметова Ж. «Многодетные семьи в Казахстане: всё о пособиях, очередях на жильё и социальной помощи». <https://informburo.kz/cards/mnogodetnye-semi-v-kazahstane-vsyo-o-posobiyah-ocheredyah-na-zhilyo-i-socialnoy-pomoshchi-.html>
3. «Какую помощь могут получить семьи с детьми в Казахстане». <https://www.uralskweek.kz/2022/12/08/kakuyu-pomoshh-mogut-poluchit-semi-s-detmi-v-kazahstane/>

УДК 37.013.78

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАЙ АЛАТЫН ЖЕКЕ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ҮРДІСІН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Бисеналықызы Еркеназ, Құрманалы Махаббат Саржанқызы
yerkenazbisenova@mail.ru , kurmanalym04@gmail.com

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің студенті, Алматы, Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі: А.А. Бақытжанова

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихының даму барысында жан-жақты дамыған адамгершілікті тұлға тәрбиелеуге ерте уақыттан бастап-ақ мән берген. «Халықтың өткендегі тарихын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, ұрпақ тәрбиелеу тәсілін жақсылап зерттейміз десек, ауыз әдебиетін білуге тиістіміз», - деген болатын. Балаларды жан-жақты жетілген, адамгершілік мәдениеті жоғары азамат етіп өсіруде қазақ халқының айтыс өнері, жұмбақ, мақал- мәтел т.б. әдеби шығармалар мен сөздер орасан зор рөл атқарады. Жастардың өздерін тұлға ретінде қалыптастыру барысында білім алуы, тәрбиеленуі мен әлеуметтануы өте маңызды үрдістердің бірі. Себебі, адамның тұлға болып қалыптасу кезінде жастық шақ кезіндегі әлеуметтік дағдылардың қалыптасу кезеңі адам өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Екінші жағынан алып қарасақ, тек толықтай тұлғалық қасиеттер мен дағдыларды қалыптастырған, белсенді жастар мемлекеттің алдағы дамуына, яғни болашағы мен қазіргі сәтіндегі дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан, аталған мәселені зерттеудің өзектілігі ол барлық салалар үшін өте өзекті болып табылады.

Дүниенің білім және ой тармағынан құрметпен орын алған ұлы түрік ғалымы, ойшыл ғалым Әбу Насыр әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» дегендей,